

егемен

Архитектур

Елдің арысы, ердің намысы



Токтар Эубәкіров жайлы сыр-десте. Жан серігі – жауһар жыр Өзі туып-өскен өлкеге барған сайын: «Қарқаралы сынды ғажайып жер әлемде өте сирек шығар» деген ой келеді Тоқтарға. Тау мен даланы көмкерген қалың орман, тек өзіне ғана тән – кербездікпен, сән-салтанатымен келген жолаушыны сүйсінтіп, жанарын талдырады, құмарын қандырады. Тау арасындағы ойдым-оидым оймақтай көлдер, жиегін көмкерген қалың тал-қарағайлар тек өзіне ғана аян тылсым сырмен тіл қатысқандай. Ағаштың сыйбыры да, бұлақтың былдыры да, самал желдің салқын сабаты да – бәрі-бәрі ғұл дүниенің абатына айналып, айналана қарауға мұрша бермейді. Ойға батқан ормандарды ұйқысынан оятқандай дүр сілкіндіріп, ертегінің ішіне еніп бара жатқандайсың. Шынында да – ертегі. Әсіресе, шым-шым қайнап, шымырлап жатқан «Шайтанкөлді» айтсаңшы. «Шайтанкөлдің» сұы қыска күнде қырық құбылып, сағат сайын, сәт сайын мың түске боялып, ертелі-кеш рені сан рет өзгереді. Ғұл көлдің тылсым сыры ғасырлар бойы адам баласына жұмбағын ашпай, әлі күнге дейін құпия болып келеді. Кез келген адамның «бисмилләсін» айтпай жалаңаш-жайдақ түсे беруіне болмайды. Аса бір ардақты, аса бір тазалықты талап ететін, тұңғиық, тұмса көл. Анасы жас күнінен Тоқтарға: – Балам, «Шайтанкөлге» байқап бар. Түсे қалсан да, ішінен «кәлиманды» қайтарып, адалдық тілеп түс. Бөгде ойды көкірегінде ұялатпа! – деуші еді-ау. Балалық шіркін, алды-артыңа қаратада ма, бірде Тоқтар «Шайтанкөлге» күмп беріп, тереңіне сұңғіп кетті. Сұңгігені сол, тұңғиық түбінен тылсым сырға тап болғандай, су астында біраз аялдал қалды, бірге келген балалардың мазасы кетіп, «Тоқтар, Тоқтар!» деп шуылдастып жатты. Бір кезде келесі жарқабақтың қуысынан шыға келді. Шыға сала, тау-тасқа өрмелеп, жағалауға келіп жығылды. Талықсып қалған екен. Бала Тоқтар қанша талықсыса да сыр бермей, үйге әзер жетті. Келген

бетте төсегіне құлай кетті. Үш күн, үш түн тілсіз тылсым қүйде жатқан баласына анасының жаны шырқырап, пұшайман қүй кешті. Кейін тілге келген баласынан анасы Қемия: – Саған не болды, жаным, не істеп қойып едің! – деп қыла, қинала сұрады. – «Шайтанкөлге» түсіп ем... – Саған түспе деп айтып едім ғой. – ?! – Құдай сақтаған еken! – деп бір күрсініп қойды анасы. Жасынан «Шайтанкөл» туралы талай естіген аңыз-әңгімелердің шет пүшпағы болса да, көзben көрген бала Тоқтар табиғат тылсымының қупиясына таңғалмасқа дәті қалмады. Себебі, бұл жағдай Тоқтардың басынан бір емес, біrnеше рет откен еді. Бала кездегі бар арманы, неге еkenі белгісіз, тауға қарай өрмелеп жүгіргенді жаны қатты ұнатушы еді. Сол кезде жабыққан жаны жадырап, құмыққан құмары қанғандай, құштар көnlі аңсаған арманына қарай қанат қаққандай әсер етуші еді. Содан кейін, жүгірек-жүгіре шаршаған сәтте, Қарқаралы құшағында аспанға қарап, ұзақ жатуды ұнатушы еді. Әсіресе, түн мезгілінде, жазғы жайлауда жападан-жалғыз жатып, аспандағы жұлдыздарды қиялмен кезіп, көксенгір кеңістігінде құлаш ұрып ұшып жүргендей әсерге бөленуші еді. Сондай сәттерде Тоқтар күндей күркіреген даусымен тау мен тасты жаңғырта: Шықшы тауға, қарашы кен далаға, Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға. Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсөн, Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма? – деп Қасым жырын оқитын.

Қарқаралы балапаны болып дүниеге келген жас Тоқтар бірте-бірте жан-жаяна қырандай мойын бұрып, биікке қанат қағуға құштар бола бастады. Бірте-бірте Қарқаралы тау-құздарына шығып алып, тастан-тасқа секіруді әдетке айналдырды. Кейде өзі көрген ақ тиіндер секілді ағаш басына өрмелеп шығып, сонау биіктен ен далаға көз жіберіп, ұзақ қарап отырушы еді-ау. Бала жасынан аспанға – биікке құмары мен құштарлығын жас Тоқтар кезінде көп аңғара қойған жоқ. Бірте-бірте санасына қияға ұшу, самғау сияқты ғажайып елестер ұялап, ол енді, анда-санда көріп қалса да ұшқан ұшактарға ұмтыла қарап, көз айырмай тұрып қалушы еді. Аракідік, сирек болса да, аспанды тіліп откен ақ жолақ әуе сзызықтарына сүйсіне қарап, соның сырлы мен қырын білуге өте құштар болды. Осы ойы оны Қарқаралы құшағынан қазандай қайнап бұрқырап жатқан қазыналы Қарағанды қаласына қарай бейімдей берді. ...Бірде Тоқтардың анасымен бірге Қарағанды қаласына бара қалудың сәті түсті. Тоқтарды Қарағандыдағы биік үйлерден гөрі, тау-тау боп үйліп жатқан төбелер қызықтырды. Анасынан сұрап еді: «Шахталардан шыққан көмір қалдықтары ғой», – дей салды. Тағы бірде анасынан қаланың солтүстік бүйірінде алыстан қол бұлғағандай созылып жатқан қалың тұтінді көріп, сұрағаны бар. Анасы: «Бұл Теміртау деген қала. Онда темір өндірісі бар. Мынау Қарағандыдан шыққан тау-тау көмірлерді сондағы зауытқа апарып, темір қорытады», – деді. Бала Тоқтар барғысы келіп, алыстан шұбаландаш шыққан көк тұтінге ұзақ қарап тұрды. Сөйтіп жүріп ол өзінің жаңадан тапқан жас достарынан сұрастырып, Қарағанды қаласында «Парашиотистер» мектебі бар еkenін біліп алды. Көзі көрмесе де киялымен барлап жүрген сол мектепке бару туралы ой-арман Тоқтардың жүргегіне ұялай кетті. Бір қыны, ол мектеп, анау жолы анасынан сұрағанда, сонау алыста тұтіні будақтап жатқан Теміртау қаласы жақта еkenін білді. Содан бастап бала Тоқтар Қарағанды

қаласының сыртына шығып, көмір тәбелердің басынан Теміртау жаққа қиял жүгіртіп, ұзақ қарауды әдетке айналдырды. Қасым Аманжоловтың жаунар жыры жан серігіне айналған Тоқтар сондай сэттерде: Кең далалы, кең пейілді қазақпыш, Құл емеспіз, еркін жанбыз азатпыш, – деп жыр оқитын өзінің ұлы қазақтың ұланы болғанын мақтан ететін. Жалғыз тамшы жас Теміртау талай тарландардың тұғыры болған жер. Осы оймен өрістейтін бір қызық байланыс бар. Баршаға мәлім, тұңғыш Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаевтың отбасы, алтын ұясына айналып, болашақ Бәйтеректің тамыр тартқан жері – Теміртау болса, тұңғыш ғарышкер Тоқтардың да өсіп-шындалған ортасы – осы қала. Жас Тоқтар бұл қаладағы жұмысын қатардағы токарылықтан бастады. Күні бойы өзіне бекітілген станоктың қасынан бір сәт ұзамай, темір жонып, мандай терін тамшылатты. Тоқтардың бала күннен әдепті – бір жұмысқа кіріссе болды, оның түбіне жетіп тындырмай, беті қайтпайды. Еңбекте тындырымды болу, алған ісіне алғаусыз берілу – бала күннен бойына біткен қасиет. Тоқтардың әкесі Онғарбай өз ауылының атақты ұстасы екен. Бес-алты жасқа келіп, әкесі дүниеден өткенше, Тоқтардың бойына көрік иісі сіңіп, ұстаханада алаулап жанған шоқ пен оттың ортасында жалынға шарпылып-шындалып өскен еді. Әкесі дүниеден өткеннен кейін үйдің бар ауыртпалық салмағы Тоқтар мен анасы Кәмия екеуіне түсті. Ертеңнен кара кешке дейін бел шешпей, салпақтап жұмыс сонында жүрген аяулы анасына бала Тоқтар қатты аландаушы еді. Анасы сиыр саудады, бұзау бағады, от жағады, отын тасиды, су әкеледі, тамақ істейді, ара-арасында бала-шағасын тәрбиелеуі керек. Ауылдағы тіршілік қанша тырбандасан да жыртығынды жамауға жетпей, қу дүниенің қорлығын көруші еді. Бастауыш сыныпта оқып жүрген Тоқтарды туған жездесі Нығмет пен апасы Бикен екеуі – өндірісті қала Теміртауға көшіріп алды. Тоқтар осы қалада әртүрлі ұлт балаларымен араласып, бірге оқып, бірден оқушының алды болды. Спорттан да қатарластарынан үздік шығып, ұстаздарының өзі оған үмітпен қарай бастады. Тоқтар, әсіресе, анасының ақылына үнемі иек артушы еді. Анасы да бір киелі кісі еді. Алдын-ала болжап айтқаны үнемі шындыққа айналатын. Бала жүрек анасының айтқанымен жүрсе адаспайтынын білді. Анасы үнемі: – «Балам, өз еңбегіңмен күн көр. Ешкімнің еңбегін жеме, ала жібін аттама. Ұрлық жасама. Қасындағы балаларға қамқор бол. Спорtpен айналыс. Бәлкім, әкендей ұста болсаң да, жерде қалмассың. Өзіне сенген құстай ұшады, біреуге сенген мұрттай ұшады. Өзіңе сен! Адал еңбегіңе сен. Бар бақыттың бастауы – еңбек», – деп отырушы еді. Әкесінің ұсталығы бала Тоқтардың есінде еміс-еміс болса да сақталып қалған. Түсіне жиі кіріп, кейде, тіпті, ұстахананың отына шарпылып, балға мен төстің шыңылынан оянып кетуші еді. Теміртаудан мектеп бітіруге тақағанда оқушы Тоқтар бірден токарь болып, станокта жұмыс істеуге бекінді. Анасы: – Оқуынды не істейсің! – деген. – Оқуымды үзбеймін, кешкі мектепте оқимын, апа! – деді. Анасы аз-кем аңтарылып қалды. – Ондай да бар екен-аяу, екеуі бірдей өзіне ауыр соқпай ма, балам. – Екеуіне де үлгеремін, анашым, бәрінен бұрын саған көмектесуім керек! Анасы көзінен мөлт етіп түскен жалғыз тамшы жасты баласына көрсетпеді. Күндіз жұмыс істеп, кешкісін оқып тынымсыз күй кешкен

бозбала Тоқтардың көнілі ұшқыш болуға ауып, бірте-бірте аңсар арманына айналды. Ол үшін алдымен «Парашютистер» дайындастын орталыққа бару керек екенін де алдын ала біліп алған болатын. Парашютистер дайындастын орталық қаладан он шақты шақырым алыс еді. Оқу мен жұмыстан қолы тимей жүрген Тоқтар оның да амалын тапты. Таныстары арқылы «секіруге» сенбі-жексенбі құндері қатысуға болатын мүмкіндікке қол жеткізді. Сөйтіп, оқудан да, жұмыстан да қол үзбей, өзінің ұшқыш болу арманына жол ашқандай болды. Сағыныш әні – Қайтсем де ұшқыш болуым керек – деген асыл арман Тоқтарды Армавир жоғары ұшқыштар училищесіне алып келді. Үзіліссіз оқу, тынымсыз ізденіске толы құндер ешқайда мойын бұрғызыбай, алыстағы ауылды да, туған бауырды да ойлауға мұрша бермей сынаптай сырғып өтіп жатты... Арасында жеті қунде бір келетін жексенбінің еркін жүрге болатын екі-үш сағаты ойға – күш, бойға – қуат, көнілге дәт бергендей. Сондай бір сэттерде, Тоқтар өзін қунде ығыр қылған дулы ортадан бөлініп шығып, Тайганың ит тұмсығы өтпейтін қалың орманының ішіне еніп кетіп, еркін жүргенді ұнататын. Тұнжыраған орман. Тұманды құн. Тылсым дүние. Төңірек құлакқа ұрған танадай тып-тыныш. Тоқтардың анда-санда көнілі соққанда тыңдайтын кішкене қол радиосы болатын. Соны осы жолы білегіне кыстыра салған. Өйткені, осы құйтақандай «қол радиосы» дүниенің төрт бұрышынан хабар алатын. Әсіресе, Қазақстанның «Шалқар» деп аталатын радиохабарын естуге құштар. Радионың түймесін басып қалып еді, о, ғажап, бір ерекше әуен шалқи жөнелді: ...Ажарың ашық екен атқан таңдай, Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай, Анаңнан сені тапқан айналайын, Құлім көз, оймақ ауыз, ашық мандай... Беу, беу, Гаунартас... – Апыр-ай, бүкіл ой-сананы, тұла бойды еріксіз билеп, естен тандырғандай әсер еткен мынау неғылған ғажап әуен... Сағынышы мен мұны аралас мына сымбаты бөлек сұлу саздың сыры неде деуге мұрша келтірмей, ән әуені әрі қарай еліттіріп, төңірек ерекше әсем қүймен тербеліп тұрғандай әсер етті. Басасың аяғынды ырғаң-ырғаң, Сылдырлап шашбауың мен алтын сырғаң... Ән күмістей сыңғырлап, баяу созылып барып ұзап кеткендей. Жаңағы айналасы алтын шуаққа айналып, шұғыла шашып тұрған нұрлы сәт әп-сәтте тыйылып қалғандай. Аяғында, әнді орындаған халық әртісі Бибігүл Төлегенова деген есім ғана есінде қалып үлгерді. Жаңа ғана бастан кешкен ғажайып сәт, әнмен бірге үзіліп келмеске кеткендей қапалы күй кешті. Баяғы тұнжыраған тундра, тағы Тайга көз алдына қайтадан тап бола кетті. Жан-жүрегі одан сайын езіле елжіреп, көзінен жалт етіп тамып тұскен сағыныш сәтін сезбей қалғандай. Әйтсе де, осы бір ғажайып әуен болашақ ғарышкердің жан-жүрегінен өшпестей орын алып, санасында мәңгілік сақталды. Мәскеуде жүрген. Бір құні қөшедегі көп жарнамалардың бірінен «Қазақстанның халық әртісі – Бибігүл Төлегенованың концерті» деген хабар жарқ ете қалды. Өз көзіне өзі сенбегендей, қайта бір тесіле қарағанда, баяғы ғажайып сәт есіне қайта оралып, көніл күйі тербеліп қоя берді. – Қайткенде де уақыт тауып баруым керек! – деп бекінді Тоқтар. Айтқандай-ақ, концерт болатын құні, сол сәтте, сол сағатта – Мәскеудің концерт залында, алдыңғы қатарда, қолында бір шоқ әсем гүлі бар – болашақ ғарышкер Тоқтар сол

баяғы өзі аңсаған ғажайып әнмен қайта қауышты. «Гауһартас» әні орындалмайтын Бибігүлдің концерті бар ма? Тоқтардың сағындырған ғажайып әні аяқтала бере үсті-үстіне сатыrlай соғылған шапалактың дудымен араласып, үстінде әскери киім, төсінде «Кенес Одағының Батыры» деген белгісі бар, ұзын бойлы, қапсағай денелі, қыран мұсін, қара торы, бүйра шашты қазақ жігіті қолындағы қомақты гүл шоғын Бибігүлдің қолына ұстата берді. «Кенес Одағының Батыры» деген алтын белгі иесі – қазақ жігітіне көзі түскен бұлбұл әншінің «Сіз кімсіз!» – деп айтуда да мұршасы келмей, таңғалған күйі қала берген еді. Эйтсе де, Тоқтардың құлағында: «Сізді қонақ үйде күтеміз!» – деген әншінің сыңғырлы сезі оның туған жерге деген сағынышына сәл де болса сеп болғандай, Тоқтардың жан дүниесін сергітіп жібергендей әсер етті... Одан кейін Тоқтар, ғарышкер болғаннан кейін де ғажайып әншінің үнін сан рет естіп, концертіне қатысты. Эйтсе де, сол баяғы тұнжыраған қалың орман арасынан бұлт ішінен шыға келген күндей жарқ ете қалған алғашқы әуен әсері ерекше еді. Осындайда, «Шіркін, сағыныштан асқан құдірет бар ма?!» – деген ойға еріксіз берілетін еді ол.

Өмірбаян өрнектері Осы орайда Тоқтар өміріне өрнек болған батырлық істері мен өнегелі еңбектеріне аз-кем шолу жасай кетсек артық болmas еді.

Қарқаралы құшағынан, Теміртау төсінен қыран боп ұшқан Тоқтар 1969 жылы Ресей Федерациясындағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін үздік бітіріп, 1979 жылы Авиация институтын тәмамдады. 1975 жылдан Кенестер Одағы Әскери әуе күштерінің Қыыр шығыс әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилия командирінің орынбасары міндетін атқарған. Бала жасынан ұшқыш болуды армандаған Тоқтар жайғана ұшқыш болмай, сынақшы болуды алдына мақсат тұтқан. Осы арман-мақсат үдесінен шығу үшін мандай терін төгіп, уақытын сарп етуге тұра келді. Ақыры, асыл арманының алғашқы асуына да қадам басты. Сөйтіп, ол 1975-1976 жылдары Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін және ондағы Авиация институтын бітірді. Енді осы өзі армандаған ұшқыш-сынақшылар мектебінен сүрінбей өту үшін Мәскеудегі А.Микоян атындағы Тәжірибелік конструкторлық бюросында білім алғып, еңбек жолынан өтті. Оның осы жолы кейін ғарышкерлік өмірінің алтын арқауына айналып, үлкен өмір жолына ұласқан еді. 1988 жылы Кенес Одағында тұнғыш рет әуеде ұшаққа екі рет жанармай құю арқылы солтүстік полюске ұшу сапарын орындауы үлкен ерлікпен параллель-ды. Соның нәтижесінде, 1989 жылы бірінші болып авиатасушы крейсердің аланқайына «МиГ-29 реактивті ұшақты қондырып, оның 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. Осы зор жеңісінің нәтижесінде ол Кенес Одағының Батыры атағын иеленіп, кеудесіне «Алтын жүлдөз» медалін тақты. Елбасының қамқорлығы Кенес Одағының кезінде осындағы қыын жолдан өтіп, үлкен марапатқа ие болған Тоқтар Қазақстан Тәуелсіздік алған тұста атак-данқы дәуірлеп, абыройы артып тұрган еді. Дәл осы кезенде болашақ ғарышкер Елбасының назарына ілікті. Тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасы қазақ халқынан бір ғарышкердің әлем кеңістігіне шарлауын мақсат етіп қойды. Сөйтіп, Мемлекет басшысының таңдауы Тоқтарға тұсті. Нұрсұлтан Әбішұлы Тоқтардың ғарышқа ұшуына мүмкіндік жасады. Сөйтіп,

ол 1989 жылы ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылғы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен қазақтың тұнғыш ғарышкері алғаш рет әуе кеңістігіне көтерілді. Осы жолы ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзімен бірге үшқан ғарышкерлермен біргіп, биотехнология, металлургия, медицина салалары, сондай-ақ, Арап аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл зерттеу әлемдік ғылымға, оның ішінде Қазақстан табиғатына, оның ғарыштық тарихына өлшеусіз үлес қосқан еді. Кейін Елбасы қазақтың тұнғыш ғарышкері Тоқтар Онғарбайұлының өмірден алған мол тәжірибесін қорғаныс саласында жүзеге асыру үшін осы министрліктің бірінші орынбасарлығына бекітті. Содан соң Қазақстан Республикасы ұлттық аэроғарыштық агенттігінің бас директоры – Ғылым және технология министрлікінде орынбасары қызметін абырайлы атқарды. 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, 1996 жылы ҚР Президентінің кеңесшісі қызметтерін мұлтқисіз атқарды. Халық қаһарманы, «Қазақстанның тұнғыш ғарышкері», «Отан» орденінің иегері Тоқтар Онғарбайұлы Әубекіровтің 70 жасқа толған мерейтойы елімізде кеңінен аталып өтуде. Ол бұл күнде аға сөзін айтатын саликалы қайраткер. Өзінің ғарышкерлік ғажайып өмір жолының сыртында Тоқтар шын мәніндегі сындарлы саясаткер. Елге, жерге деген адаптікірлерін барша қауымға паш етіп келеді. Сөйтіп, өзінің азаматтық тұғыры парасат-пайымымен ұлтына, жұртына, Отанына адап қызмет етуде. Бұл күнде Тоқтардың ардақты екі ұлы Тимур, Михайл игілікті іс тындырып жүрген кәсіп иелері. Мақтанға, марапатқа көп қызықпайды, адап еңбек еткенді ұнатады. Жары Татьяна да Тоқтарға қай кезде де таяныш бола білді. Тоқтардың отбасылық зор қуанышы – оның немерелері. Өткен жылы немересі Тоқтарланның бір жасқа келген тойын Астанада, Есіл жағасында дүркіртіп тойлады. Қызметтен қолы қалт етіп босаса болды, немерелерінің бірін мойнына мінгізіп, бірін алдына алып, бірін жетектеп кейде үйден ұзап кететіні бар. Сондай күндердің бірінде көп нәрсені білуге құштар үлкен немересі Томирис: – Ата, тағы бір ертегі айтшы, – деп еді. – Ертегі емес, тағылымы мол бір тәмсіл айтайын, – деді Тоқтар. «Ертегі айтшы» деп тілек білдірген Томирис қана емес, Тамила немересі де, тіпті, екі жастағы Тоқтарлан да ата сөзіне ынтыға құлак түрді. – Алла тағала адамды балшықтан жаратқан екен, – деп бастады Тоқтар әңгімесін. – Адамды жаратып болған Алла тағаланың қолында бір уыс балшық қалса керек. Алла тағала сол балшықты адамның алақанына салып, «Өз бақытынды өзің жасап ал», – депті. Адамзаттың бір бөлігі сол балшықтан ізгілік, бір бөлігі зұлымдық жасапты. Изгілік алғысқа бөленіп, зұлымдық жасағандар қарғысқа ұшырап келді. – Ана жолы Жұсіп Баласағұн бабамыз жайлы айтқан әңгімелем естерінде ме?, – деді Тоқтар немерелерін жанарымен аймалап. – Есімізде, – деп жарыса жауап берді немерелері. – Сол данышпан бабамыздың: Изгілік қыл – ізгілік көп кісіде. Әсерлі ғой ізгілердің ісі де, – деген өсиет сөзі бар. Сол естерінде болсын. Ал бүгіндегі тоқсанға келген ақын аталарың Мұзатар Әлімбаев: Мен білемін не табуды, не іздел, Еңбек қана елдің ұлы дегізбек, –

деп жазды. Бұл да естерінде болсын. Бұдан соң да біраз аталы, баталы сөз айтты Тоқтар немерелеріне. Үйге оралғанда бұларды үлкен ұлы Тимур мен оның жаңы сүйген жан жары, сырты нұрлы, іші сырлы Динара, немерелерінің анасы қарсы алды. Тоқтар көк жүзіне көз жіберді. Көк күмбездей төңкерілген көгілдір аспан ашық екен. Мезгіл алма ағашы мәуелеген, жемісі мол, женісі көп тобылғы түстес күрең күз еді...

Сәбит ДОСАНОВ, жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, ақын, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Суретті тұсірген Ерлан Омаров